

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 маусым N 675

Ішкі істер органдары үшін мамандар дайындауды одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы №Ішкі істер министрлігінің Алматы заң институты" мен "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы техникалық институты" мемлекеттік мекемелерін біріктіру жолымен мемлекеттік мекеме "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы" (бұдан әрі - Академия) құрылсын .

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңдарда белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Академияның жарғысын бекітсін және оны әділет органдарында тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясын басшы және профессорлық-оқытушы құрамның білікті кадрларымен жасақтасын;

3) екі ай мерзімде Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3 . Қ ұ п и я .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі "1999 жылға

арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Заңында "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы заң институты" мен "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы техникалық институтын" ұстауға көзделген қаражаттың шегінде Академияны қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.

Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ